

«Арнайы пәндердің үздік оқытушысы» облыстық конкурсының жүлдегері

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арасында облыстық «Арнайы пәндердің үздік оқытушысы» конкурсы өтті.

Байқаудың бірінші кезеңі бойынша қатысушының «Модульдік оқыту аясында» сабақ әзірлемесі, өзін-өзі білім берудің әдістемелік тақырыбы, сондай-ақ оқытудың инновациялық технологияларын қолдануға бағытталуы бейне сабақ негізінде электронды форматта ұсынылды. Екінші кезеңі екі тапсырмадан тұрды: «Мен және менің мамандығым» шығармашылық тұсаукесері және «Сабақтың бастапқы басталуы, сабақтың бастапқы аяқталуы» түрінде өткізілді. Онда сабақ түрінің құрылымы оның мақсаттарына сәйкестігі, білім алушылардың психологиялық дайындығы, жаңа білім әдістері және тәсілдерімен сабақты бағалау формаларының тиімділігі, рефлексия сапасы және шеберлік сабағының түрлері бойынша бағаланып қорытындыланды.

Осы байқау кезеңдері бойынша Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық кол-



леджінің оқытушысы Луиза Бекетқызы сайысқа түсіп, жүлделі ІІІ орынның иегері болды.

Бұл сайыс арқылы әр оқытушы өздерінің бойындағы зияткерлік қабілеттерін дамытып, педагогикалық шыңдалуға жақсы мүмкіндік алады.

Луиза Бекетқызы колледж білім алушылары арасында құрылған «Жас ғалым» ғылыми үйірмесінің «Назипа Ізбасарлары» тобының жетекшісі ретінде студенттерді Республикалық ғылыми жобалар байқауына, сайыстарға, ғылыми-практикалық конференцияға, пәндік олимпиадаларға

қатыстырып, әрдайым жүлделі орындарды иеленіп келеді. Сондай-ақ, өзінің жан-жақты ізденімпаздылығымен де біршама жетістіктерге ие болуда «Қазақтың келіндері ай!» қалалық келіндер байқауының жеңімпазы атанды.

Біз ұстаздарымызды осындай жетістіктерімен құттықтай отырып, алдағы уақытта биік шыңнан көрінулеріне тілектеспіз.

Балу АСҚАРҚЫЗЫ,
директордың
оқу-әдістемелік
жұмысы жөніндегі
орынбасары.